



ЖҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН

№49 (5235) сенбі
Желтоқсан 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады **Аудандық қоғамдық саяси газеті**

ЖҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН

Мемлекеттік мереке бізге той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін керек. Елбасымыз осылай деді. Тәуелсіздіктің жиырма жылдығын зердеге салу, оның тарих үшін қыс-қысқа, бірақ біздің елдігіміз үшін байтақ шежіресінен тағлым алу бәрінен де маңызды.

Бұл кезеңде Қазақстан газырларға теңестірілген жолды жүріп өтті. Бұл жолда бәрі де болды: бұрыннан қалыптасқан шаруашылық байланыстары үзіліп, шығарған өнімдерін өткізе алмай дағдарған кәсіпорындар, алты айлап айлық жылдан зейнетақы ала алмай, егемендіктің елең-алаңындағы еңсені езер қиындықтардан қажыған жұрт, жекешелендіру жаңғаласы, нарық жағдайында өмір сүруге бейімделудің бастапқы қадамдары, экономикалық реформалардың алғашқы нәтижелерін беруі, әлеуметтік саланың еңсе тіктеуі, халықтың көңіл-күйінің қалпына түсуі, елдің ертеңіне сенімнің орнығуы, инвестициялардың келе бастауы, елдің әл-ауқатының артуы, Астананың салынуы, қалада да, далада да құрылыстың қарқын алуы, өз өндірісіміздің өркендеуі, мемлекетіміздің Батысқа да, Шығысқа да бірдей танылып, бірдей құрметтелуі, бүкіл түркі әлемінен, бүкіл мұсылман жұртынан, бүкіл ТМД кеңістігінен тұңғыш рет Еуропа төріне көтеріліп, төбелік жасау, Астана Саммитін өткізу, Ислам Ғылымға тағдыры Ұйымына төрағалық ету...

Иә, тарих сағатының тілі сырғ еге қалғандай қысқа кезеңде Қазақстан осындай жасампаздық жолдан өтті. Біздің бұл ұлы жолдағы көшімізді бүгінде дүйім дүние танып, мойындап, құрметтейтін Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев біліктілікпен, байыптылықпен бастап білді. Елім деген Ерге кәміл сенген соң екі тізіп, бір жылдықты қолына берік берген Ел де тарих сынына лайықты шыдап шықты. Елдің, кеңіңін, далалық даналығын танытты.

Енді жиырма күннен кейін мемлекетіміздің мерейлі мерекесін атап өтеміз. Осыған орай елде **ЖҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН** жарияланып отыр.

Оларға: «Менің Қазақстаным» (26 қараша),

«Атамекен» (27 қараша),

«Заң» (28 қараша),

«Тәуелсіздік белдеуі» (29 қараша),

«Тәуелсіздік» (30 қараша),

«Азаматтық қоғам» (1 желтоқсан),

«Дәстүр» (2 желтоқсан),

«Болашақ» (3 желтоқсан),

«Сергектік» (4 желтоқсан),

«Ғылым» (5 желтоқсан),

«Мәдениет» (6 желтоқсан),

«Алтын теңге» (7 желтоқсан),

«Шапырақ» (8 желтоқсан),

«Ауыл» (9 желтоқсан),

«Астана» (10 желтоқсан),

«Білім» (11 желтоқсан),

«Денсаулық» (12 желтоқсан),

«Серпін» (13 желтоқсан),

«Мемлекеттік тіл» (14 желтоқсан),

«Отан» (15 желтоқсан) деген атаулар берілген.



АТА ЗАҢ - АЙБАРЫМЫЗ

1995 жылы 30 тамызда республикамызды мекендеген барша ұлт пен ұлыстың атсалысуымен, кең көлемде қолдауымен еліміздің басты құжаты - Қазақстан Конституциясының қабылданды.

Әр уақытта халқының шаңырағын биік, туын жоғары ұстауға бағытталған, мақан бастың қамынан елдік мүддені жоғары қоятындар ғана мемлекет үшін. Тек бостандыққа не болған азаматтар ғана еркін және әділ қоғам құра алады. Біздің Конституция осы құқықты және мүмкіндікті қамтамасыз етті. Нақ осы қазіргі демократиялық Конституция азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сенімді қорғап, туған еліміздің, өз ұрпағымыздың тағдыры үшін жоғары жауапкершілік жүктеп, бәрімізге күш - қуат беріп, ортақ ұйымды сақтап, оның әл - ауқатын нығайтуға ұмтылдыңған қазақстандық патриотизмнің тамырын тереңге жайған мөлдір бұлақ болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы мәңгі биіктен желбіреп, Конституциясы - мемлекетіміздің одан әрі өркендеуіне нақты бағыттар айқындады.

Бұл күнде еліміздің экономикасы өрлеп, табысы тасып, халықаралық беделінің арта түсуі - Негізгі Заңымыздың сарқылмас мазмұнының дәлелі. Мұндай жетістіктерге халық пен мемлекеттік билік бірлігінің және Конституцияның мызғымастығының бірден бір кепілі - Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың сапалы саясаты мен қажырлы еңбегінің нәтижесінде қол жеткізгендігіміз ақиқат екендігі бәрімізге мәлім.

Кез келген мемлекет үшін Конституция - мемлекеттің маңызды белгісі, ар - намыстың символы. Ата Заңды сыйлау - өз елдің және өзінді сыйлау деген сөз. Бүгінгі біздің міндетіміз - Конституцияда көрсетілген құндылықтарды қорғап, оның әлеуетін арттырып, ол мүмкіндік беріп отырған құқықтық кеңістікте өмір сүруге үйрену болмақ. Бүгінде біздің республикамызда азаматтардың конституциялық құқы, соның ішінде еңбекке, білімге, денсаулық сақтауға, тұрмысы төмен азаматтарға әлеуметтік көмек беру толық іске асырылуда.

Сондықтан, қоғамдағы азаматтық келісімді қамтамасыз етіп және мемлекеттің табысты дамуының негізі болып отырған Конституциямызды құрметтеп дәріптейік, ағайын!

Бикен АХМЕТОВА

РЕШЕНИЕ

председателя сорок второй сессии
Нуринского районного маслихата

пос. Кивека

№42

30.11.2011 г.

О созыве очередной сорок второй сессии Нуринского районного маслихата

Созвать сорок вторую очередную сессию Нуринского районного маслихата 8 декабря 2011 года в 11:00 часов в актовом зале районного акимата.

Председатель сорок второй сессии районного маслихата Н.Сулейменов.

СООБЩЕНИЕ

На рассмотрении очередной XLII сессии районного маслихата 8 декабря 2011 года вносятся следующие вопросы:

1. «О внесении изменений в решение 32 сессии Нуринского районного маслихата от 22 декабря 2010 года №308». «О районном бюджете на 2011-2013 годы»
2. «Об утверждении бюджета на 2012-2014 годы»
3. Разное

Секретарь районного маслихата

Е.Туранов.

Казахстан. Цели 2017.

Национальный план действий.

25 ноября 2011 года в г.Астане прошел внеочередной XIV съезд Народно-Демократической партии «Нур Отан». В начале съезда мандатная комиссия изучила представленные областными, городскими Астана, Алматы филиалами протоколы заседаний расширенных Политсоветов региональных филиалов партии по избранию делегатов съезда, которые состоялись на основании Постановления и Председателя партии от 16 ноября 2011 года.

Всего на съезде избрано 623 делегата в соответствии с требованиями действующего законодательства о политических партиях и пунктом 8.3.1. Устава Народно-Демократической партии «Нур Отан». Делегаты съезда представляли все региональные и территориальные филиалы партии, объединяющие сегодня 884298 членов партии.

На съезде от Нуринского района приняли участие аким района Бексултанов Кудайберген Бексултанович, первый заместитель председателя районного филиала партии Байнов Даулет Калханович и председатель депутатской фракции районного маслихата, директор ТОО «Шахтерское» Прокоп Георгий Георгиевич.

На XIV внеочередном съезде Народно-Демократической партии «Нур Отан» была одобрена предвыборная платформа партии «Казахстан. Цели-2017. Национальный план действий», направленная на реализацию стратегического курса Главы государства в развитии страны.

Выступая на съезде, Председатель партии, Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев подчеркнул, что данная предвыборная платформа - это четкое обозначение во времени и является составной частью Стратегического плана развития Казахстана до 2020 года и Стратегии «Казахстан-2030».

Делегаты съезда единогласно утвердили партийный список по выборам депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан.

Нуринский районный филиал партии НДП «Нур Отан» поздравляет Шайдарова Серика Жаманкуловича с выдвижением кандидатом в депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, желает ему победы 15 января 2012 года.

Нуринский РФ НДП «Нур Отан».

Менің Қазақстаным

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның күдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған «Отан» деп сыбырлаған.
Жаным менің, Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған,
деген Мұқағали ақынмен бірге толғанып,
өлемге жар салғым келеді. Өйткені, мен азат елдің ұланымын, Қазақстан деген байтақ елдің түлегімін.

Адам үшін ең қымбат дүние - Отан. Отан дегеніміз адамның туып-өскен жері, туған туыстарымен, туыскандарының бірге тұратын атамекені. Ал осы қазақ елінде тұратын адамдардың отаны - Қазақстан Республикасы. Жалпы, Республика дегеніміз прогрессивтік және демократиялық артықшылықтарымен сипатталатын, өзіндік Президенті, үкіметі, заң шығарушы органдары мен мемлекеттік рәміздері бар ел. Біздің Республикамыз да Кәрі Каспийден Алтай тауларына дейін созылып жатқан құс қанаты талатын ұлан ғайыр кең өлкеде орналасқан.

Бүкіл қазақ халқы 1991 жылдың 25 қазанында бөркін аспанға атып қуанды. Себебі бұл күн Республикамыздың Тәуелсіздігі туралы декларациясы қабылданған күн.

Бұл күн - аталарымыздың газырлар бойы аңсаған күні.

Бұл күн - болашақ ұрпақтың басына бақ қонған күн.

Бұл күн - қазақ халқы тарихындағы алтын әріптермен жазылған күн. Осы сәттерден бастап еліміз өзінің даму тарихында елеулі оқиғаларды бастан өткерді. Атап айтсақ еліміздің тәуелсіздігін ең алғаш Түркия Республикасы мойындады. БҰҰ-на мүшелікке қабылданды. Елімізде тұңғыш рет Ұлттық валюта қоры жасақталып, төл теңгеміз жарыққа шықты. Осы уақытқа дейін теңгеміз уақыт сыйынан өтіп, тұрақталып, ел игілігіне қызмет етуде.

Бүгінде еліміз 130 ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүріп жатқан мекені. Әлемде басқа бір де бір мемлекетте дәл біз секілді осыншама ұлттар мен ұлы-

стардың басын біріктіріп, тату-тәтті тұмыр кешіп жатқан ел жоқ. Тұрақтылық орнаған мемлекетіміз өз тәуелсіздігін жариялағаннан бастап Елбасымыздың «Алдымен экономика, содан кейін саясат» деген ұстанымы арқасында көптеген экономикалық, дипломатиялық табыстарға жетті. Ел экономикасы жылдан-жылға дамып, өркендеуде. Біз оны күнделікті өмірден ақ көріп жүрміз. Жыл сайын Елбасы ұстанған саясат арқасында зейнетақы, әлеуметтік төлемдер өсуде. Осы жетістіктердің барлығы да еліміздің президенті Нұрсұлтан Әбішұлының арқасы.

Мен - бақытты ұрпақпын!
Менің ойымша, бақыт дегеніміз - еркіндік, яғни, рухының, жанының, тәнінің қатынездік пен қараудықтан, қулық пен надандықтан тәуелсіз болуы.

Ал, жеке бір топтың, жеке бір адамның бақытты тұтас адамзаттың немесе халықтың, ұлттың еркіндігінсіз жүзеге аспасы - айдай ақиқат. Ендеше, тәуелсіз елдің азаматы болып отырған менің бақыттымын деп айтуым заңды.

Тәуелсіз Қазақстанымыздың азаматтығын аялап, алақанда ұстау ұлан-байтақ жерге, ұлан-ғайыр байлыққа не болу - тамырын тереңнен алатын тарихты ардақтаудан басталмақ.

Тарихын, ерлікке толы сахара жұртының тұмырын тасқа қаппап қалдырып кеткен Күлтегін, Тонкөк, Білге қаған бабаларымыздың асқақ рухы, асқақ батырлығы - бізге үлгі. Заманында әлем өркениетімен иық теңестірген, салтанатты шаһарларымыз, сәулетті кенттеріміз ерекше көз тартатын алып мемлекет болғанымыз біздің көкірегімізге ерекше мақтаныш ұялағанды.

Ендігі ұрпақтың мақсаты - мол біліммен қаруланып, кең-байтақ жерімізді теріс пиялды басқыншылардан қорғау.

Тарихымыз бай, бүгінгіміз баянды, ертеңіміз жарқын болатынына кәміл сенемін.

НАСКЕНОВА Сәуле,
Киевка №3 орта мектебінің
11 сынып оқушысы.

К сведению избирателей!

Районная избирательная комиссия сообщает о необходимости сверки списков избирателей.

В соответствии с пунктом 5 статьи 24 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», каждый избиратель вправе зарегистрироваться в качестве избирателя в аппарате акима села или поселка согласно регистрации по месту жительства.

В случае, если избирателю стало известно о том, что он не будет иметь возможности прибыть в день выборов 15 января в помещение для голосования по месту его регистрации, он вправе до 14 декабря обратиться в аппарат акима села или поселка по месту нахождения избирателя с письменным заявлением о его включении в соответствующий список избирателей.

Районная избирательная комиссия



«Мир и согласие в многоязычном и многоконфессиональном обществе – это наша с вами заслуга, уважаемые казахстанцы». Нурсултан Назарбаев

- История нашей Независимости – это летопись дружбы всех этносов. Я счастлив, что моя судьба сложилась именно так, что моя жизнь связана именно с Казахстаном. В другом месте я бы себя просто не мыслил, не представлял. Здесь я создал свою семью: женился, появились дети. Занимаюсь собственным делом, добросовестно выполняю свою работу, стараюсь быть максимально полезным не только для себя, но и для нашей страны. Каждый человек, я считаю, должен какую-то частичку, что-то отдавать, а не просто «сидеть на шее» у государства. Я предприниматель: добросовестно плачу налоги, создаю рабочие места. В тех масштабах, в каких я могу что-то сделать, я делаю.

То, что у нас в Казахстане, действительно, настолько положительная атмосфера для жизнедеятельности человека, и весь народ согласен с этим, подтверждают прошедшие выборы Президента страны, на которых практически все наше население проголосовало за нашего Лидера Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Стоя у истоков создания нашего независимого государства, наш Президент начал с проведения политики национального согласия. Это великая политика. А наш Лидер Нации – мудрый руководитель. Этот вопрос Глава государства всегда ставил и ставит на приоритетном месте. По инициативе Нурсултана Абишевича создана Ассамблея народа Казахстана, сам он лично является ее председателем. Это великое дело, потому что, как мы видим на примерах других стран, многие неприятности начинаются из-за национальных разногласий, вследствие чего идет подрыв экономики и прочее. Нет ничего важнее мира, гармонии и согласия в межэтнических отношениях в обществе. Мы благодарны казахскому народу за то, что в трудную минуту его представители протянули руку помощи.

Мы благодарны судьбе, что живем на этой земле, благодарны нашему Президенту за мирное небо, процветание и стабильность нашего Казахстана. Пусть в нашем общем доме – Казахстане – всегда царят мир и уважение друг к другу.

Шериф ЦОКАЕВ, предприниматель

Ұялады жүрегіне ұлтымның!

Ей, жолаушы, сәл аялдап тоқташы,
Жер – дөңгелек, жолдарының жоқ басы,
Елтаңбаның ең негізі – шаңырақ,
Мемлекеттің түп негізі – отбасы!
Тәуелсіз боп атты таңым, Күн бүгін,
Арқаламас азаматтық кім жүгін?!
Күн шеңбері қозғалыста мәңгілік,
Тұлпар дала – сәйгүлігім, дүлдүлім!

Біз келеміз бабам салған отты ізбен,
Сөйлеседі, Тәңір қолдап, Көк бізбен,
Тұлпар жүйрік қанатында – арманым,
Асыл мұрат – бостандыққа жеткізген!
Ел-жұртыммен алға мен де ұмтылдым,
Бұл кеудеме талай бұлт боп мұң тұнды.

Уақыт пенен кеңістігім тұтасып,
Ұялады жүрегіме ұлтымның!
Келер күнге аманат қып кетелік,
Бір ауыз боп бірге біздер жетелік.
Жұлдыз болып тәжі қонды халқыма,
Бостандықты Алатаудай көтеріп!
Туар әлі күндерім бар алдымда,
Жұлдызды аспан, Аймен жарық жандың да.
Кастерлейтін бір парызым – Елтаңбам,
Қасиетті Қазақ Елі бар мұнда!

Келе жатқан бабам көрген сол таңнан,
Туды бірге қара шаңырақ ортамынан.
Перзентің боп мен алдында бас ием,
Киелі Елім, Қасиетті Елтаңбам!
Шәмшібай САРИЕВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

«2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады» Н.Назарбаев

Елімізде жылдың «20 жұлдызды күні» басталды

Қазақ елі үшін ерекше қастерлі жыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы аяқталуға да аз қалды. Алдыңғы аптаның сенбісінен бастап Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеу «Тәуелсіздіктің жиырмашыңы» - «20 жұлдызды күні» бастау алды. Бұл уақыт аралығында мерейтойдың негізгі мерекелік іс-шараларын барлық қазақстандықтар өткізу үстінде.

Еліміздің тәуелсіздігі - ата-бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс. Қазақ елінің басына бұл ғасырдың тартқан сыйы мен тартуы да мол, қайғы мен қасіреті де аз емес. Қаншама қиындықты бастан өткерсе де, еліміздің бар мақсаты халық болып бірігіп, тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Сол азаматтыққа ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында ғана әрең қол жеткіздік. Тәуелсіздікпен бірге ел тарихына, көп ұлтты Қазақстан мемлекетіне ұлы жаңалықтар қоса білдік. Ұлы байтақ жері бар сабырлы да еркін халқы бар үлкен мемлекеттің өзгеге ұқсамайтын тарихы, қалыптасу, даму жолы да ерекше болды. Ата-бабадан қалған ұлан-ғайыр жерді игеріп, дербес мемлекет ретінде өз билігімізді сақтай отырып, өзгеге көңіліміз ашық, дасғарханы, қолы жомарт халық ретінде дамып жатқан еркін елміз. Енді міне сол еркіндікке жеткелі 20 жылдың көлемі болып отыр. Бұл күндерді ешқашан ұмтылмастай етіп атап өтіп жатымыз. Арнайы жоспар бойынша құрылған «Тәуелсіздіктің жиырмашыңы» 20 жұлдызды күнге бөлу арқылы тәуелсіздіктің 20 жылдығын шығарып салмақпыз.

«Тәуелсіздіктің жиырмашыңы» «арқалайтын» әр күнге жеке-жеке атау беріліп отыр. 26 қарашадағы «алғашқы жұлдызды күн» «Менің Қазақстаным» атауымен басталды.

«Атамекен» 20 жыл ішінде біз шекарамызды шегендедік. Көршілерімен құрлықта он төрт мың километрге жуық шекарасы бар, Қазақстан бүгінде оны «Достық пен тату көршілік шекарасына» айналдырды. «Заңды түрде бекітілген мемлекеттік шекара, көршілерімізбен жақсы қарым-қатынас – мұның бәрі тәуелсіздік жылдарында біз бірге қол жеткізген үлкен жетістіктер» деген болатын еліміздің Көшбасшысы. Енді жат мемлекеттердің Қазақ елінен жер даулауына жол берілмейді. Бұл жетістікті ұлықтау үшін 27 қарашаға «Атамекен» атауы берілген.

«Азаматтық қоғам» Президент Н.Назарбаевтың бағалауына, қоғамдық ұйымдар «мемлекеттің сенімді әріптесіне» айналды. Сала-сала бойынша маманданған үкіметтік емес ұйымдар кеңіе беріп, бір бағытта меморгандардан да жақсы, өнімді әрі тиімді жұмыс жасайтыны жасырын емес. Қазақстан Көшбасшысының бастамасымен, билік пен «үшінші сектор» арасындағы ықпалдастық жаңа белеске көтеріліп отыр. Енді әрбір меморган өз қызметі сала-сындағы ҰЕҰ-лармен тұрақты ынтымақтастықты жолға қоюға міндеттелмек! Жалпы, «үшінші сектордың» дамуына Тәуелсіздік түрткі болған: егер әу баста елімізде тек 57 қоғамдық ұйым болса, қазір олардың саны 30 мыңнан асып жатылды. «Қазақстандық, дамыған үкіметтік емес ұйым секторы - еліміздің бүгінгі күмен тудырмайтын жетістіктерінің бірі» деп бағалаған болатын Мемлекет басшысы. Осы орайда қыстың алғашқы күні - 1 желтоқсан «Азаматтық қоғам» күні ретінде тағайындалды.

«Дәстүр» Мемлекетіміз Тәуелсіздіктің 20 жылдығын атап өтіп отырғанымен, Қазақ елінің тарихы тереңде. Салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы қадым замандардан тамыр тартады. Мұны естен алмайтын болар еді. Сондықтан 2 желтоқсан «Дәстүр» мерекесі ретінде ұлықталып өтті. Бұл күні Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көп балалы аналармен кездесуі сәтті аяқталды. Осы күні Астанадағы Уолл-гресс-холл сарайында, сағат 11.00-де Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған республикалық ақын-жазушылар атысты шымалдығын ашып, 4 желтоқсанға дейін жалғасады. Бұл доданың мақсаты халқымыздың мол мәдени мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттау, айттығы дәстүрлі іс-шара ретінде одан әрі дамыту болып табылады. Сондай-ақ бұл шара өнердің осы түрін өркендетуге, жас та дарынды ақындарды қолдауға мемлекеттің назарын аударуды көздейді. «Дәстүр» күні министрлік «Қазақстан азаматтық альянсымен» бірлесіп, тіл мен мәдениетке деген құрметті арттыруға арналған акция өткізілді.

«Болашақ» Әр мемлекеттің, әрбір ұлттың болашағы жастарымен байланысты екендігі айқындалады қажет етпейтін анық ақиқат. Ел ертеңі өршіл де өміршең істердің бастауында тұрар бөлсенді, жігерлі жас ұрпағымен кемелдене түсіпек. Азаттықтың бастауында елін қалтқысыз сүйген, қиындықтан қайырмай, дүлей соққан даулыға қарсы жүрген қазақтың қыран мінезді жастары тұр. Тіпті қазақ жастарының найзағай намысы мызғымас саналған, құрсауы мықты, тегеуріні қатты, өкімі өктем империяның тас қамалының да қабырғасын қақыратты. Тар қапаста тұныпқан талай ұлт пен ұлы еркіндік ауасымен тыныстай бастады. Сонымен де Желтоқсан көтерілісі Тәуелсіздіктің тұғырын қалаған ерлік пен еркіндіктің символына айналды. Демек, арыс азаматтардың ағылған қанымен, тойлған терімен келген Тәуелсіздікті сақтау, егемендікті нығайтып, бабалар аманатын ақтау - қазіргі ұрпақтың қасиетті парызы. Ендеше, «20 жылдызды күнінің» бірінші - 3 желтоқсанның «Болашаққа» арналуы бекер болмаса керек. Бұл күні шаралардың бастысы - «Болашақ біздің қолымызда» атты республикалық жастар форумы.

Міне, «Тәуелсіздіктің жиырмашыңы» бастау алған жоспары әрі қарай жалғастырмақ. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы - бұл жетістіктерімізді ой елегінен өткізудің, болашақ міндеттерімізді айқындаудың мүмкіндігі. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып биік тұғырдың көріне берейік.

«Тәуелсіздік – барлық қазақстандықтар үшін аса қасиетті құндылық» Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

АЛАЛАМАС АДАМЗАТТЫҢ БАЛАСЫН, АЗАТТЫҒЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, АЛАШЫМ

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басқаруымен аудан орталығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында «Алаламас адамзаттың баласын, Азаттығың құтты болсын, Алашым» атты көркемөнерпаздар ұжымының аудандық байқау конкурсы болып өтті.

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді ел атанғанымызға биыл 20 жыл толып отыр. Осы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында аудан орталығында көптеген мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі төрт күн бойы жалғасын тапқан «Алаламас адамзаттың баласын, Азаттығың құтты болсын, Алашым» атты мерекелік көркемөнерпаздар концерті. Аталған көркемөнерпаздар шарасына ауданымызға қарасты 13 елді мекен қатысты. Атап өтетін болсақ; 31 қазан күні Көргінді, Мыңбаев ауылы, Тасуат, Ақмешіт ауылдарының көркемөнерпаздары өздерінің өнерлерін көрсетті. 1 қараша күні Көбетей және Ахмет ауылдарының өнерпаздары көрермендерін өз өнерлерімен көрермендерді тәтті ете білді. 2 қараша күні Изенді, Жараснай, Құланөтпес ауылдарының көркемөнерпаздары өз өнерлерін көрсетсе, 3 қараша күні Шахтер, Майоровка, Заречное, Байтуған ауылдарының өнерлері таманаланды. Төрт күнге созылған мерекелік концерт әр ауылдың өз деңгейлері бойынша өтті.

Көркемөнерпаздар ұжымдарының аудандық байқау конкурсының мақсаты халықтың өнерпаздық шығармашылығын одан әрі дамыту мен Қазақстан халықтарының мәдениетін насихаттау болып табылды. Ең бастысы бұл қойылым ел тәуелсіздігінің 20 жылдық торқалы тобына арналас керек.

Ата-бабаларымыз тәуелсіздік жолында қанын төгіп, жанын қиған. Сондықтан ұлы арман орындалғанда, бүгін қалу біздің елге тән емес. Бүгінгі Тәуелсіздік мерекесінде өткізілген концерттік бағдарлама айтулы күннің көрігін шамалы болса да қыздыра түсті десек артық кетпес едік. Аталған ауылдардың қойылымды көрермендердің көз алдына тарихи оқиғаларды елестетті. Егемендік алған уақытқа дейінгі кезеңдерден сыр шерте отырып, қазіргі таңдағы көріп отырған жетістіктерді толықтай көрсетуге тырысқан ауылдар да болды. Бұл ең алдымен кешпей өткен арыстарға жасалған ерекше құрмет болса, бір жағынан өңірдегі жас өнерпаздардың халық алдында шеберліктерін шыңдау мақсатында үлкен сабақ болды.

Өнерлерін жан-жақты көрсетуге тырысқан ауыл ұжымдарының көріністерін бағалай білген әділқазылар қойылымдарға өз бағасын беріп өтті. Болып өткен бұл байқаудың жалғасы 15 желтоқсанда әлі жалғасын табады. Яғни қазіргі заман талабына сай деп танылған және көрерменнің көңілінен шығып, көңгі тәтті еткен көрсетілімдер алда болатын гала-концертте ұсынылмақ. Сонымен қатар жеңімпаз аталған ауылдың аты да 15 желтоқсанда Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған мерекелік гала-концертте жария болады.

Әмірхан НАҚЫПОВ



Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдығындағы сот жүйесіндегі жүргізілген реформалар - сот саласын одан әрі жетілдіруге, жергілікті соттардың рөлін көтеруге, судьялардың тәуелсіздігін күшейтуге бағытталған

Сот жүйесі – мемлекеттің негізін құрайтын, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруы жолындағы демократиялық даму тетіктерінің бірі болып табылады. Әрбір мемлекеттің құқықтық жүйесінің заңдылық негізін қалайтын басты құжат, ата заңы – Конституция екені белгілі. Сол ата заңымыздың бірінші бабында, мемлекеттің ең қымбат қазынасы болып, адам және оның өмірі, денсаулығы құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Тәуелсіздік алғаннан бері уақытта Конституцияның осы негізгі қағидасын жүзеге асыру мақсатында көптеген заңдар қабылданды. Соның ішінде сот-құқықтық реформаларын белгілейтін басты бағыттар анықталды. Атап айтқанда, бүкілхалықтық дауыс беру негізінде қабылданған, оның көпшілігінде Қазақстан Республикасының Президенті танылған Қазақстан Республикасының Конституциясы, мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлуі бекітілді. Қазақстан Республикасының Конституциясының VII тарауында сот төрелігін асырудың тәртіптері мен тәуелсіздігінің көпшіліктері нақтыланған.

Сот төрелігін атқарудағы судьяның тәуелсіздігі, сот төрелігіне қандай да болмасын тыйым салынатыны, соттардың атқарушы билік органдарынан тәуелсіз болуы, сот төрелігін атқаруды неғұрлым жоғары деңгейге көтеру, судьялар мәртебесі мен соттардың мамандандырылуы, Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдылық күші бар 1995 жылғы Жарлығына және 2000 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес белгіленген болатын. Бұл заңға 2006, 2008 және 2011 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын.

2009 жылы Президенттің Жарлығымен 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді және бұл жоспар-құжатта халықтың сот қызметі туралы ақпаратқа барынша қол жеткізудің ұсыну арқылы сот жүйесінің ашықтығы мен айқындығы деңгейін арттыру қажет екені көрсетілген.

Засыған орай, 2009 жылдың 18 қарашасында Астана қаласында Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан судьяларының V съезінде сөйлеген сөзінде: «Сот-құқықтық реформа сот жүйесінің тиімділігіне байланысты түбегейлі проблемаларды шешуді көздейді, бұл мемлекеттің, әрі қоғамның басты назарында болуы керек. Соттарда мыңдаған адамдардың тағдыры, өзара даулары шешілетіні, олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалатыны баршамызға мәлім. Соттар қызметінің тиімділігі, олардың шығаратын шешімдерінің әділеттілігі мен жедел және толық орындалуы – кез келген мемлекеттің демократиялық дамуының негізгі көрсеткіші. Соттардың шешімдеріне қарап қоғамның мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың мүдделерін қорғау қабілеті бағаланады», - деп атап көрсетті.

Осыған байланысты сот жүйесінің жаңа түрін қалыптастыру мен құру, соттарға құқықтық мемлекетке тән өкілеттіктерді толық көлемде беру, олардың жоғары әрі жауапты әлеуметтік рөлін нығайту мемлекеттің негізгі саяси басымдығы болды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының (сот жүйесінің) 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында бекітілген еліміздің сот жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар ікемді, әрі халықаралық стандарттарға сай келетін сот төрелігі жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін болады.

Идей да болсын реформа бір күнде жасала қоймайды. Бірақ, кейінгі кезде Қазақстанның сот билігі – дербес, тәуелсіз билік тармағы ретінде қалыптасу мен дамуға, айтарлықтай жетістікке жетті. Сот азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді органына, Конституцияда белгіленген құқықтар мен еркіндікті шектейтін кез келген заңсыз шешімдер мен әрекеттерден қорғаудың кепіліне айналады. Республикадағы сот органдарының құрылымдарының жетілдіруге, судьялардың мәртебесін көтеріп, тәуелсіздігін әлеуметтік кепілдігін күшейтуге, соттардың материалдық – техникалық жабдықтауды жақсартуға бағытталған кешенді заңдылық, ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылады. Азаматтардың сотқа еркін жүгінудің, соттардың ашықтығы мен жариялығын қамтамасыз ету үшін соттарды мамандыру, сот практикасына озық аппараттық технологияларды енгізу бағытында тұрақты жұмыстар жүргізілуде. Қазақстанның құқықтық жүйесіндегі елеулі оқиғаның бірі – алқабилер институтының енгізілуі, олар қылмыстық істердің кейбір категориялары бойынша сот төрелігін жүзеге асырады.

Еліміздің азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Халықаралық Пактінің ратификациялау, мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі соттың орны мен рөлін жоғарылатуға айтарлықтай ықпал етті. Сондай-ақ, соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында судьялардың тек қана Президент Жарлығымен тағайындалады. Кейінгі өзгерістердің бірі, істерді сотта қарау тәртібіне енгізілген ішінара өзгертулер. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабында да Республиканы «Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет» ретінде қалыптастыру мақсаттарының бекітілуі – ең алғашқы кезеңдердің бірі және күшті де, тәуелсіз сот билігін құру міндетін қояды. Құқықтық сауатсыздық (нигилизм) әлі де орын алып отырған қоғамда, сот билігінің болуы заң үстемдігін, оны орағып отыруды қандай да болса әрекеттерін болдырмауды қамтамасыз етудің шешуші факторына айналуға тиіс. Сот билігінің нағыз дербестігіне қол жеткізбейінше және соттар азаматтары мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын, еркіндіктері мен заңды мүдделерін пәрменді қорғау және экономикалық проблемаларды ойдағыдай шешуге, сыбайлас жемқорлықпен және қылмыстылықпен күресуге табысқа жетуге, қолданудағы заңдардың тиімділігіне үміт артуға болмайды. Осыған байланысты демократиялық қауымдастықтағы кең ауқымды сот жүйесін әрі қарай дамыту бүгінгі кездегі еліміздің басты мақсаттарының бірі

болып саналады. Қазіргі уақытта елімізде дербес сот билігі құрылды деп айтуға болады, соттарды одан әрі қарай мамандыру шаралары іске асырылып жатыр. Судьялардың қоғамның қажеттілігіне сай келетін, тиімді сот төрелігін жүргізу, жауапкершілігін арттыру, кәсіби деңгей мен қызметтегі этика нормаларын күшейту. Судьялар өз заманының соңында емес, көшнінің басында жүретін өте білімді, үлкен зиялылар болуы тиіс. Әлбетте сотқа құрмет – мемлекеттік билікке деген құрмет деп санау керек.

Елбасының өзі қатысып, сез сөйлеген Қазақстан Судьяларының V съезінде көптеген келелі мәселелер көтеріліп, болашақта атқарулар міндеттердің ауқымы белгіленген еді. Бұндай міндеттердің қатарында: сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, судьялар әдебін сақтау, судьялардың кәсіби біліктіліктерін арттыру сияқты күнделікті үнемі назар аударып жүруді қажет ететін жайлар бар.

Жоғарғы Соттың төрағасы Бектас Әбдіханұлы Бекназаров аз уақыттың ішінде, сот жүйесінің жұмысын жандандыру мақсатында көптеген игі істер атқарып жатыр.

Осы жылдың 25 қазанында Жоғарғы Соттың төрағасы Бектас Бекназаров «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын Үкімет мүшелеріне таныстырған болатын. Енді, міне, судьялардың жүйелі жұмыс ырғағын реттейтін заңның жобасын Үкімет мүшелері мақұлдады және бұл заң жобасы Парламентке жолданды.

«Сот жүйесі қазір өзгертуді қажет етеді. 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш буынды сот жүйесі енгізілген. Қазақстандағы сот жүйесі өлемдегі алдыңғы мемлекеттердің құқықтық талаптарына сәйкес келетін, көпшіліктің көкейінен шығатын жүйе болып құрылған. Дегенмен, осы жүйенің кейбір тұстары әлі де болса пысықталып, қазіргі уақыт талабына сай сәйкестендіруді қажет етіп отыр», - деді өз сөзінде Бектас Бекназаров. Қазіргі уақытта Жоғарғы Сот құзыретінің шектен тыс кеңеюіне байланысты халық пен сот арасының алшақтап кеткенін айтқан төраға мұның себебіне де тоқталды. Айталық, жылына миллионға жуық сот ісі қаралады. Ал, енді, Жоғарғы Сот осы істер бойынша, олардың заңды күшіне енген шешімдердің заңдылығын тексеруге барлық кезде үлгеріп отыр ма, оған даяр ма? деген мәселеге келгенде, уақыттың өзі жергілікті, облыстық соттардың әлеуетін кеңейтуді қарастырып отыр. Осы мәселені шешу үшін төраға: «Облыстық соттарда апелляциялық сот алқасын құру қажет. Нақтылай түссек, апелляциялық сот алқасы азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша алқаларға бөлінеді. Осылайша мамандандыруды одан әрі тереңдету желісі жалғасатын болады», - деп атап өтті. Қазіргі уақытта бұндай тәжірибенің жоқ екендігін баса айтқан ол: «Облыстық соттардың төрағалары сот ісін қараудан бөлектенген және олар іс жүзінде шаруашылық-құрылыс, кадр, қамтамасыз ету сынды мәселелермен айналысауда. Дегенмен, облыстық сот төрағалары судья болып табылады және өздерінің қызметтерін атқаруға міндетті», - дегенді жеткізді. Сондықтан облыстық соттарда келесі жылдан бастап екі сот алқасы құрылады. Заңды күшіне енген сот актілеріне шағым келтіру үшін апелляциялық және заңды күшіне енген сот актілеріне шағымдану үшін кассациялық сот алқалары қызмет етеді және қаралатын істерді, бірінші сатылы соттарға қайта қарауға жолдауға тыйым салынатын болады. Ал, Жоғарғы Сотқа шағымдану үшін міндетті түрде апелляциялық және кассациялық сатылардан өту қажет. Азаматтардың конституциялық құқықтары бұзылса, елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін немесе мемлекетке аса үлкен көлемде залал келтірген қылмыс болса, Жоғарғы Соттың соңғы инстанциясын қадағалау тәртібінде қаралады. Жоғарғы Сот ұсынып отырған заң жобасында кез келген іс ең бірінші сатыда, аудандық және оған теңестірілген соттарда қаралуы керек. Заңда белгіленген мерзім бойынша сот шешіміне наразы болған тұлға немесе тарап апелляциялық шағым беруге қажет. Апелляциялық шағым қаралғаннан кейін сот актісі бірден күшіне енген соң орындау қағазы жазылып, сот актісі орындалуға жіберіледі. Ал, егер апелляциядан кейін күшіне енген сот актісімен келіспейтін тараптар болатын болса, онда кассациялық сот алқасына, облыстық сотқа шағымдануы тиіс. «Бұл мыңдаған азаматтардың, мыңдаған істердің әр облыс орталық-тарынан бізге, Жоғарғы Сотқа келуінің қажеттілігі жоқ екендігін көрсетеді. Облыстық соттар қазір кәсіптік деңгейі жоғары, барлық жағдайдағы істер бойынша дұрыс шешім қабылдайтын судьялармен қалыптастырылған. Сондықтан, кассациялық сот алқасы 6 айлық мерзімнің ішінде заңды күшіне енген сот актілерін қарап, оның заңдылығын тексеріп, өз қаулысын қабылдайды», - деді төраға.

Жоба бойынша енгізілетін өзгерістің бірі – аудандық, қалалық және оларға теңестірілген сот төрағаларының лауазымды қызметін атқару мерзімін 3 жылға дейін қысқартылады.

Заң жобасы Жоғарғы Сот Кеңесінің де рөлін күшейтуге бағытталған. Жоғарғы Сот Кеңесіне облыстық, аудандық және оған теңестірілген басқа да жергілікті соттар судьяларының санын бекіту, атауын өзгерту, қайта құру құзыреті берілме. Сондай-ақ, Жоғарғы Сот Кеңесіне, судьяларды теріс әрекеттері үшін қызметінен босату шешімдерінің күшін жою құқығы беріледі.

Министрлер кабинеті тарапынан бірауыздан қабылданған заң жобасына қатысты пікірін білдірген Үкімет басшысы Кәрім Мәсімов: «Біз бұл мәселелерді бірнеше мәрте талқыладық. Құқық қорғау органдары өкілдері тарапынан, Үкімет ішінде де келтірілген дау-дамай болды. Меніңше, бұл жақсы, төзімді құжат. Ол сот жүйесі арқылы заң әділдігін айтарлықтай сапалы болуына және біздің азаматтарымыздың, заңды тұлғаларымыздың құқықтарын өте жақсы қорғауға мүмкіндік береді деп үміт артамыз», - деді.

Жоба негізінен сот саласын одан әрі жетілдіруге, жергілікті соттардың рөлін көтеруге, судьялардың тәуелсіздігін күшейтуге бағытталған. Сот жүйесіне қатысты ел арасында айтылып жүрген сын пікірлерге тоқталған Жоғарғы Соттың төрағасы, бұл басаманың кемшіліктерді жоюға ықпал ететініне сенімді екенін айтты.

Ж.Шөженов,
Нұра аудандық сотының төрағасы

Бір ел, бір отбасы

Махаббат қайда деме – жүрегіңде,
Шапағат қайда деме – тілегіңде,
Берекем қайда деме – отбасыңда,
Мерекем қайда деме – көп қасыңда.



Отбасы – шағын мемлекет. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы ата-анасы. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай Жараспай орта мектебінде 25 қараша күні «Отбасы құндылықтарын ардақтайық» бағытында «Бір ел, бір отбасы» тақырыбында өнеге кеші болып өтті.

Кешке шаңырақ құрғандарына 25 жыл, 20 жыл және 15 жыл толған отбасылары қатысты. Атап айтсам: 25 жыл, күміс той иелері – Жараспай орта мектебінің мәнгерушісі Ыдырысов Байнұлла Сұлтанұлы мен Гуля Құсайынқызы, 20 жыл иелері – ауыл әкімі Біләлов Бағжан Сәкенұлы мен Алма Смаққызы, 20 жыл иелері Жараспай орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі Рақымжанов Жангелді Қызырұлы мен Шұға Қордашқызы, 15 жыл иелері – ауылымыздың жас та болса жылқышы атанып жүрген өз ісінің хас шебері Аманбаев Қуаныш Ахметжанұлы мен Салтанат Жұманәліқызы. Кеш белгіленген жоспар бойынша өтті.

Алдымен әр отбасы өздерін таныстырды. Әртүрлі мағыналы сұрақтарға жауап берді. Мысалы: Өмірлеріңдегі ең сәтті, жақсы оқиғаға айттың бер, отбасының ең сүйікті тағамы жайлы айттың бер. Әр отбасының қастерлейтін, құнды затын аңгімелеу, сол жайлы ой қозғау. Әр отбасы қойылған сұрақтарға тиісті жауаптарын беріп отырды. Атадан балаға жеткен мұралары жайында сөз етті. Отбасы құндылықтарында домбыра, қамшы, әбдіре, ет табақтары бар екендігі, оны қадір тұтып, көздерінің қарашығындай қастерлейтіндіктерін айтты.

«Ас – адамның арқауы» дегендей, әрбір қатысушы отбасы өздерінің дайындаған отбасылық ең сүйікті тағамдарын пісіріп әкелді.

Бұл өмірдің қадірін мен жақсы ұқтым,
Сондықтан да бақытыма асықтым.
Осы қымбат тіршілікте, адамдар,
Сыйлайықшы бір-бірімізге ән-жырды.
Қатысушы отбасылар өз өнерлерін ортаға салды. Ыдырысов отбасы қазақ халқының ұлағатты сөздерін, Ахметжановтар отбасы тамаша билерін, Рақымжановтар және Біләловтар отбасылары тамылжыған әсем әндерін көрерменге ұсынды. Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап ұзартады әр күнін,
Сәл қуанса, шығарады ол естен,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.

Өнеге көшінің қатысушы жұптары өздерінің қолөнерлерін көрсетті. Ыдырысовтар отбасы жемістерден еліміздің бәйтерегін, Біләловтар отбасы бейбітшіліктің символы – көгершін бейнесін және еліміз гүлдей жайнай берсін деп гүл жасаса, Рақымжановтар отбасы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша жасалған Қазақстанның географиялық картасын, пирамида мен бәйтерегінің макетін, Ахметжановтар отбасы жылқыға арнап қолдан өрілген жүгені мен қамшысын көрсетті. Қолөнер көрсетуде әрбір отбасының қандай шебер екендігін, өнерлері байқалды. «Орамал тон болмайды, жол болады» демекші, мектеп ұжымы 4 отбасына өздерінің арнаған сый-кәдесін берді.

